

ЦИТАТА ДНЯ


Сауат МЫНБАЕВ,
ПРЕДСЕДАТЕЛЬ ПРАВЛЕНИЯ
АО «НК «ҚТЖ»:

« ИЗ-ЗА КОРОНАВИРУСА МЫ ОСТАНОВИЛИ ПАССАЖИРСКОЕ СООБЩЕНИЕ, НО ЕСТЬ ГРУЗОВЫЕ БРИГАДЫ, КОТОРЫЕ ПЕРЕСЕКАЮТ ГРАНИЦУ. С НИМИ ПРОВОДЯТСЯ СООТВЕТСТВУЮЩИЕ ПРОЦЕДУРЫ САНИТАРНО-ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКИХ СЛУЖБ »

АҚПАРАТ

ВОКЗАЛДАР –
ЕРЕКШЕ НАЗАРДА

Коронавирус індетінің өршінуіне байланысты адамдар көп шоғырланатын орындардың бірі – темір жол вокзалдары басты назарға алынды.



«ҚТЖ» ҰК» АҚ теміржол вокзалдарында коронавирус таралуының алдын алып, қауіпсіздік шараларын қолға алып, әсіресе, Нұр-Сұлтан, Алматы, Семей қалаларының және Достық станциясы вокзалдарына ерекше назар аударылуда. Аталған вокзалдардың кассирлері мен кезекшілері, өзге де қызметкерлері антисептикермен, қорғаныш қолғаптарымен, маскалармен қамтамасыз етілген. Сондай-ақ жұқпалы індет белгілері бар тұлғалар анықталған жағдайда қауіпсіздік шаралары мен іс-әрекеттері бойынша қызметкерлерге нұсқаулықтар өткізілуде. Еліміз бойынша вокзалдар барлық ғимараттарды зарарсыздандыруды тұрақты жүргізуге арнайы жуу құралдарымен толық қамтамасыз етілген. Бұған қоса аурудың алдын алу шаралары туралы жолаушыларға дауыс зорайтқыштар арқылы жиі-жиі хабарланып, желдету жүйелеріне ревизия ұйымдастырылуда. Коронавирус індетінің белгілері туралы жадына да ілді. Тағы бір айта кетерлігі, коронавирус індеті таралуы жағдайында жоспарын өзгертіп, жол жүру билеттерін өткізу туралы шешім қабылдаған жолаушылар оны сатып алған орындарға – интернет-сайты мен билет кассаларына қайтара алады.

Ұлан ОРАЗ
Суретті түсірген автор

БҮГІНГІ САҢ

БҮГІНДЕ «ЖОЛАУШЫЛАР
ТАСЫМАЛЫ» АҚ-НЫҢ ПАРКІ

2240

ВАГОНДЫ ҚҰРАЙДЫ

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

КОРОНАВИРУС:
ПОЙЫЗДАРДЫ ЗАРАРСЫЗДАНДЫРУ КҮШЕЙТІЛДІ

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы пандемия деп жариялаған коронавирус індетінің белең алуына байланысты елімізде төтенше жағдай жарияланды. Оның таратылуының алдын алу үшін «ҚТЖ» ҰК» АҚ түрлі шаралар қабылдап жатыр. Әсіресе, бұл жолаушылар тасымалына қатысты. «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздардың вагондарын зарарсыздандыру көлемін бірнеше есеге арттырып отыр.

Райхан РАХМЕТОВА

Бұған дейін де айына екі рет штаттық режимде тұрақты түрде вагондарын зарарсыздандырып отыратын «Жолаушылар тасымалы» АҚ «Экспресс» филиалы «Гальто» пойызы вагондарын зарарсыздандыратын қоспалар көлемін көбейту арқылы санитарлық шараларды күшейтіп отыр.

Филиалдың бас инженері Александр Канавиннің айтуынша, бүгінде олардың филиалда 5 бағдардағы 9 құрамда барлығы 265 вагон бар. Ережеге сай зарарсыздандырылған кейін пойызды тек 2 сағаттан кейін ғана жолаушылар қабылдауға жібереді.

– Темір жол көлігін пайдалану тәртібі бойынша зарарсыздандыру жұмыстары бұрыннан жүргізіліп келеді. Ал ендігі жерде коронавирусқа байланысты зарарсыздандыру барысында пайдаланатын химиялық заттар он есе артық қосылуда, – деді А.Канафин.

Тағы бір айта кетерлігі, жолаушы пойыздарында коронавирустың алдын алу жөніндегі барлық іс-шаралар денсаулық сақтау саласының уәкілетті органы – ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті талаптарына сәйкес қатаң түрде жүргізілуде екен. «Жолаушы тасымалы» АҚ санитарлық зарарсыздандыру жұмысын жүргізуге «Қазақстан-МедДез» ЖШС-мен келісімшартқа тұрған. Мердігер кәсіпорын бактерия мен вирустарға қарсы зарарсыздандыру жұмыстары кезінде қабырға, төбе, еден, үстел,

диван және терезе бетін түгел дезинфекциялайды. Санитарлық ереже талаптарына сәйкес оның бәрі арнайы препараттармен жуу, сүрту, себу, сіңіру тәсілімен жүргізіледі. Бір құрамға техникалық қызмет көрсету уақыты 8 сағатқа созылады.

– Зарарсыздандыру жұмыстары қолдануға рұқсат етілген препараттармен жасалады, Кедендік одақ аумағында сертификаттаудан өткен және олар дұрыстап тазаланған соң адам денсаулығы үшін қауіпсіз. Себебі ол қауіпсіздік жағынан осындай заттардың төртінші санатына жатады. Химиялық заттар вагон ішіне түгел себілгені, бактериялар өлгенше, кемінде 2 сағатқа дейін сүртпейді. Ал қазіргі жағдайда біз қауіпсіздікті қамтамасыз еткенімізге толық сенімді болу үшін қосатын ерітінділер көлемін он есеге дейін көбейттік. Мәселен, диалектордың 1-2 таблеткасы 10 литр суға езілетін болса, қазір 20 таблетка қосылады. Бірақ бұл концентрация жолаушылар үшін қауіпсіз. Оның үстіне екі сағаттан кейін бәрі сумен тазаланып жуылады, сүргіледі. Ал ҚТЖ тарапынан басқа да сураныстар түсетін болса, біз зарарсыздандыру жұмыстарын жиілететін боламыз, – дейді мердігер мекеме директоры Нұрлан Исенбаев.

ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы және қауіпсіздігін бақылау департаментімен бірлесіп жолаушылардан немесе қызмет көрсететін персоналдан коронавирус күдігін анықтаған кезде пойыз бригадасы қызметкерлерінің іс-әрекеттері тәртібін регламенттейтін нұсқама

әзірленген. Рейстің алдында пойыз бригадаларымен тұрақты түрде нұсқаулық өткізілуде. Вагонға отырғызар алдында жолсерік жолаушылардың коронавирус індеті тараған елдерде болған-болмағаны жөнінде сұрақтар қойып, бәрінен хабардар болуы керек. Ондай жолаушылар анықталған жағдайда анкета толтырылады және ақпарат ары қарай шаралар қабылдануы үшін «Жолаушылар тасымалы» АҚ орталық аппаратына жіберіледі. Сапар барысында коронавирус белгілері пойыз бригадасы қызметкерінде немесе жолаушыда анықталған жағдайда пойыз басшысы әлгі жолаушыны өзге жолаушылардан оқшаулап, пойыз машинисін хабардар етуі тиіс.

Сондай-ақ жолаушылар пойызы айналым пункттерінде қоқыс жәшіктері мен дөретхананы зарарсыздандыру қолға алынған. «Жолаушылар тасымалы» АҚ жолаушылар пойыздарында жасалуы керек сақтық шаралары қабылданған. Атап айтқанда, вагондарда жолаушылар үшін көрнекі ақпарат және жадынама, фирмалық және коммерциялық пойыздардың мультимедиялық порталдарында коронавирустың алдын алу жөніндегі бейнероликтер орналастырылған. Екіншіден, жол үстінде де вагондар зарарсыздандыру құралдарымен 4 рет ылғалдандырыла отырып тазартылады. Пойыздарда ауру анықталған жағдайда деп зарарсыздандыру құралдары, медициналық маскалар және шүберек, шелек, есепке алу дәптері алынған.

Суреттерді түсірген
Александр ЖАБЧУК

НОВОСТИ

ЦЕЛЬ – НЕТЕРПИМОСТЬ
К КОРРУПЦИИ

Решением Совета директоров АО «НК «ҚТЖ» 10 марта 2020 года внесены изменения и дополнения в политику противодействия коррупции в АО «Национальная компания «Қазақстан темір жолы».

По словам специалистов комплаенс-службы, внесенные изменения и дополнения направлены в том числе на актуализацию понятийного аппарата в части конфликта интересов, должностных лиц; закрепление ответственности должностных лиц за формирование антикоррупционной культуры и за совершение их подчиненными коррупционных правонарушений; установление мер финансового контроля, а также ответственности кандидатов на занятие должностей, связанных с исполнением организационно-распорядительных или административно-хозяйственных функций и их супругов.

Кроме того, актуализировано введение ответственности HR-службы за фиксацию антикоррупционных ограничений, предусмотренных антикоррупционным законодательством и другое.

Таким образом, изменения и дополнения внесены в целях гармонизации норм политики противодействия коррупции в АО «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» с Законом Республики Казахстан «О противодействии коррупции».

Аула ТЛЕУБАЕВА

ГОТОВЫ ОКАЗАТЬ
ПОДДЕРЖКУ КЛИЕНТАМ

Пресс-служба АО «Пассажирские перевозки» сообщает, что в связи с принятием временного ограничения пересечения границ с Россией и Кыргызстаном оформление билетов на пассажирские поезда будет производиться только при наличии паспорта/заграничного паспорта. Временно запрещено использовать удостоверение личности и свидетельство о рождении при покупке билетов на поезда в указанные страны.

12-13 марта в связи с высоким количеством запросов на покупку и возврат билетов все сайты, в том числе АО «НК «ҚТЖ» BILET.RAILWAYS.KZ, работали с перебоями. В настоящее время работоспособность сайтов восстановлена за счет увеличения пропускных мощностей.

Компания просит пассажиров не стесняться с пониманием к процессу покупки и возврата билетов, так как он может занять определенное время при увеличении количества поступающих запросов. Национальный перевозчик заверяет своих клиентов, что каждый запрос будет обработан согласно Правилам перевозок пассажиров, багажа, грузобагажа и почтовых отправлений железнодорожным транспортом. Возврат платежей производится наличным и безналичным расчетом в зависимости от способа приобретения билета.

Согласно Правилам, при возврате не позднее чем за 24 часа до отправления поезда возвращается полная стоимость проезда; менее чем за 24 часа, но не позднее чем за 6 часов до отправления – стоимость билета и 50% стоимости плацкарты; менее чем за 6 часов до отправления и не более часа после отправления поезда удерживается вся стоимость плацкарты, но не более 30% от стоимости проезда. По истечении часа после отправления поезда возврат билетов не производится, денежные средства не возвращаются.

Нұрай САРСЕНГАЛИ

СОТРУДНИЧЕСТВО

ЗА ЗНАНИЯМИ – К СОСЕДЯМ

Филиал АО «НК «ҚТЖ» – «Центр оценки и развития персонала железнодорожного транспорта» и АО «Локомотив құрастыру зауыты» посетила делегация из Монголии.

Асель ШАЙХЫНОВА

Зарубежные коллеги планируют приобретение локомотивов и обучение своих работников на базе филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Центр оценки и развития персонала железнодорожного транспорта».

Гостям были продемонстрированы ассортимент выпускаемой продукции, производственная линия завода АО «Локомотив құрастыру зауыты». Также участникам делегации рассказали, что завод, открытый в 2009 году, выпускает про-

дукцию, которую сегодня эксплуатируют на железных дорогах Кыргызстана, Таджикистана, Украины, Туркменистана.

В свою очередь, в Центре оценки и развития персонала железнодорожного транспорта гости узнали, что постоянный профессиональный рост работников АО «НК «ҚТЖ» с учетом современных требований и стратегии развития отрасли является одним из важных направлений кадровой политики компании.

В числе востребованной профильной подготовки – обучение по инженерно-техническим специальностям, а также



повышение уровня компетенций работников в области логистики, транспортного строительства, технического регулирования. По достоинству оценили участники делегации и техническое оснащение центра.

ЖАҢАЛЫҚТАР

САҚТЫҚТА ҚОРЛЫҚ ЖОҚ

Елде жарияланған төтенше жағдайға байланысты барлық қоғамдық орындарда дезинфекциялау, зарарсыздандыру жұмыстары жүргізілуде. Соның ішінде теміржол вокзалдары да сақтық шараларын күшейтті.

Коронавирусқа қатысты эпидемиологиялық жағдайды бақылауға алу мақсатында Ақтөбе облысында да аймақтық штаб және комиссия құрылды. Қазіргі уақытта Ақтөбе өңірлеріндегі барлық вокзалдар күшейтілген тәртіппен жұмыс жасауға көшті.

«Дүние жүзіне тараған індетке қатысты өз тарапымыздан жан-жақты шараларды қамтамасыз ететін боламыз. Салғырттық танытпау қажет, әрқайсысымызға артылған тиісті міндеттерді дұрыс атқарып, үлкен жауапкершілікпен қарауға міндеттіміз. Жолаушылар үшін барлық мүмкіндікті жасап жатырмыз. Вокзалда дүрлігу жоқ, қалыпты жұмыс істеп жатыр. Дезинфекциялау жұмыстарына халық түсіністікпен қарауда», – деді Ақтөбе теміржол вокзалының басшысы Тойбазар Қуанышев.

Ақтөбе теміржол вокзалдарындағы жолаушылардан әзірге вирус белгілері анықталған жоқ. Анықталған жағдайда теміржолшылар қауіпті дерт жұқтырған жолаушымен қалай жұмыс жасау керектігін біледі. Санитар мамандармен науқаспен жұмыс жасау жолдары түсіндірілген.

«Біріншіден, жауапкершілік, ұйымшылдық, ауызбіршілік таныту арқылы бұл сынақтан да сүрінбей өтеміз. «Сақтықта қорлық жоқ» деген сөз бар. Теміржолшыларға алғашқы медициналық көмекті қалай көрсету жөнінде лекциялар оқылды. Коронавирус жағдайына қатысты күдік анықталған жағдайда шұғыл бригада шақырылады. Салауатты өмір салтты сақтау орталығының маманы Светлана Инисова теміржолшыларға лекция оқып, науқаспен байланыс жасау қағидаларын түсіндірді», – деді Қандығаш станциясының еңбекті қорғау инженері Айнур Әбілберікова.

Қытайдың Ухань қаласынан тараған дерт бүгінде жаһан жұртшылығын алаңдатып отыр. Әлем бойынша қауіпті індет саны артып отыр. Елімізде тоғыз отандасымыздан COVID-19 вирус белгілері анықталды.

Ардақ ЕРҮБАЕВА, Ақтөбе

ТИІМДІЛІГІ ТАЛАС ТУДЫРМАЙДЫ



Аймақтағы экологиялық ахуалға байланысты тұтынушыларын сапалы ауыз сумен қамтамасыз етуді ойластырған «Теміржолсу-Қызылорда» серіктестігі бірнеше жыл бұрын «Таза су» құрылысын іске қосты. Қазіргі таңда тұтынушылардың басым бөлігі осы сапалы суды пайдалануда.

Судың сапалылығы дүкендерде сатылатын асханалық ауыз сумен салыстыруға қабілетті, сапалы, пайдалы екені анықталған. Тіршілік көзі саналған суды ысырапсыз төкпей-шаппай пайдаланатын аймақ теміржолшылары бекет тұрғындарының да осы ұстанымды ұстануын талап етеді. Әр абоненттің ауласына дейін кіргізілген таза су құбырына есептегіш құралы орнатылып, уақытты төлем алынады.

«Теміржолсу-Қызылорда» мекемесі тұрғындарды сапалы сумен қоса жылуден де қамтамасыз етеді. Бұған дейін жылу қазандығын қатты отын – көмірмен жылытып келген мекеме бірнеше жылдан бері қазандықтарды кезек-кезеңмен көгілдір отынмен жылытуға көшірді. Қазіргі таңда «Теміржолсу-Қызылорда» ЖШС теңгерімінде 8 жылу қазандығы бар. Осы қазандықтардың төртеуі көгілдір отынға қосылған. Бөлімшенің Жаңақорған және Шиелі станцияларында, Белкөл бекетінде көгілдір отынның жүргізілуіне байланысты қоршаған ортаны ластауды азайту, жұмысшылардың санитарлық жағдайын жақсарту, жұмысшыларға әсер ететін зиянды факторларды кеміту мақсатында көгілдір отынға ауыстырылған қазандықтар өз нәтижесін беріп отыр дейді басшылық.

– Атап айтқанда, Шиелі станциясында орналасқан пост ЭЦ ғимараты 2016 жылы, УПЧ ғимараты 2017 жылы, Жаңақорған станциясында орналасқан жылу қазандығы 2018 жылы, Белкөл станциясында орналасқан жылу қазандығы 2019 жылы көгілдір отынға көшті. Жылу қазандықтарында апатты жағдайлардың алдын алу мақсатында қазандықтар орнатылған ғимараттарда газ иісін анықтайтын газ сигнализаторлары орнатылды. Көгілдір отынға көшкен сәттен бастап қоршаған ортаға таралатын зиянды заттар едәуір азайды. Жұмысшылардың санитарлық-гигиеналық жағдайы жақсарды. Көгілдір отынға жұмсалатын қаражат қатты отын-көмірге қарағанда 40%-ға дейін үнемдеу байқалды. Осылайша табиғи газды тұрмыста тиімді пайдалануға көшкен мекемемізде қаржы үнемделіп, тұтынушыларға қолайлы жағдай жасалуда, – дейді «Теміржолсу-Қызылорда» ЖШС бастығы Марат Шайжан.

Аймақта өндірілетін табиғи газды тиімді пайдалануды арттыру мақсатында мекеме есебіндегі өзге қазандықтарды да газға көшіру жұмыстары қолға алынып, қажетті жұмыстарға дайындық жүргізілуде екен. Яғни, мекеме енісіндегі 4 жылу қазандығын да алдағы жылдары толық көгілдір отынға көшіру жоспарланып отыр. Ағымдағы жылы Тереңөзек станциясындағы жылу қазандығы табиғи газға көшіріледі деп күтілуде. Осы мақсатта қазандыққа қажетті жобалық-сметалық құжаттар әзірленуде екен. Және де бүгінгі күнге көмірмен жағылып жылу тарататын жылу қазандықтарында көмір қоры жылу маусымының аяғына дейін толық жетеді. Алыс-жақын шағын бекеттердегі тұтынушылардың пайдалануындағы таза суды тұтынушыларға таратушы мекеме теміржолшылары уақыты дөрігерлік-лабораториялық тексеруден өткізіліп, денсаулығының жұмыс жасауға қажеттіліктері белгіленеді.

Сабырхан СЕЙІШЕКҰЛЫ, Қызылорда
Суретті түсірген автор

ТАСҚЫНҒА – ТОСҚЫН

ҚАРҒЫН СУМЕН КҮРЕС: АРНАЙЫ ПОЙЫЗ ЖАСАҚТАЛДЫ

Биылғы жылы Шығыс өңірге де қар жылдағы мөлшерден көп түсті. Мамандардың сөзіне сүйенсек, қар көлемі бұрынғы жылдармен салыстырғанда 50 пайызға артық жауған. Осы себепті де Семей ЖТ бөлімшесі бойынша көктемгі су тасқынына даярлық шаралары қыс айларында басталды. Соның нәтижесінде бүгінде өңірдегі гидрометеорологиялық ахуал біршама күрделі болғанымен дәл қазіргі күндері теміржол нысандарына тікелей төніп тұрған қауіп жоқ.



Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Басты ерекшелік сол, Семей магистральдық желі бөлімшесіне қарасты аумақ – байтақ республикамыз бойынша жауын-шашын мол түсетін әрі өзен және бұлақ, тоспасулары өте көп аймақ. Сол себептен жылдың осы мезгілі табиғаттың тосын мінезіне жоғары деңгейде даярлық жасауды талап етеді. Қазіргі күндері өңір бойынша желі бойында 103 қауіпті телім бар. Айта кетерлігі сол, бұл аумақта күн күрт жылына, қызыл су шайып кету қаупі аса жоғары. Сол себепті, бұл аумақ бойынша тұрақты түрде телефон байланысы орнатылып, жарықтандырылып, тәулік бойы кезекшілік орнатылды. Қазіргі күні таулардан құлай аққан қар суын бөгетсіз ағызып жіберу жұмыстары тұрақты жүргізілуде.

Семей магистральдық желі бөлімшесінің бастығы Айдын Шаукежановтың жетекшілігімен арнайы

жоспар жасалынып, көктемгі су тасқынының алдын алу бойынша жұмыстар қазіргі күні қызу жүргізіліп жатыр. Оның ішінде еріген қар сулары суағарлар арқылы кәріздерге жіберіліп, су тоспалары мен өзендер және су қоймаларының деңгейі тәулік бойы бақылауға алынған.

Мамандар сөзіне сүйенсек, желі бойында Семей магистральдық желі бөлімшесіне тиесілі нысандардың жалпы саны тым қомақты. Оның ішінде 472 көпір, 390 су өткізгіш құбыр, 146 су өткізгіш арық бар. Наурыздың 10 күнгі көрсеткіші бойынша НЖС-6 мекемелеріне тиесілі барлық көпір, құбырлар мен арықтар қардан толық аршылып, тазаланды. Мұнымен қоса, бөлімше бойынша көктемгі сең журу және қызыл су тасқынының алдын алып, қажет жағдайда шұғыл жұмылдыру мақсатында қажетті техникалар қазіргі күні толығымен даяр тұр.

– Бұл ретте Семей магистральдық желі бөлімшесі басшысы Айдын Шаукежановтың назарда ұстауымен аталмыш бағыттағы жұмыстар ерте қолға алынды.

Мәселен, қазіргі таңда аталмыш бөлімше бойынша 43 вагоннан тұратын 5 пойыз жасақталды. 38 платформен мен 5 жабық вагон жолға шығуға даяр тұр. Бұдан өзге арнайы әзірленген тастар мен темірбетонды шпалдар, цементтің де жеткілікті қоры бар, – дейді НЖС-6 жол бөлімінің бастығы Қайырғелді Ахметжанов. Ерте кезеңнен қолға алынған жұмыстар көп. Мәселен, тасқын сумен күрес мақсатында 770 бірлік темірбетонды шпалдар қыс соңында әзірленген болатын.

Жақын күндері тасқынға тосқын қою мақсатында бөлімше бойынша қосымша түрде цемент пен құмның, қиыршық тастың қоры еселенбек.

Мамандардың айтуынша, Семей ЖТ бөлімшесі бойынша, су шаю қауіпі ең жоғары аумақтар Жаңа-Семей және Аягөз жол станциясының қарамағындағы телімдер саналады. Сондықтан, ПЧ-40 пен ПЧ-42 жолшыларына түсетін салмақ та жоғары болып тұр.

Суретті түсірген автор

ҚАУІПСІЗДІК

ӨТКЕЛДЕР МӘСЕЛЕСІ ӨТКІР ТҰР

Өткен жылы өліміздің теміржол өткелдерінде бірнеше жол-көлік оқиғасы тіркеліп, арты қайғылы аяқталғаны жасырын емес. Сондай келеңсіздіктердің алдын алу үшін бүгінде не істелінуде? Жалпы өткелдердің жай-күйі қалай? Маңғыстау жол дистанциясына қарасты өткелдердің қазіргі жағдайына зер салып көрген едік.



Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Бүгінде Маңғыстау жол дистанциясына қарасты 34 теміржол өткелі бар. Соның төртеуі – бірінші категориялы күзетпелі өткелдер. Қағандары төртінші категорияға жатады және олар күзетпелі өткелдер. Бірінші

дәрежелі өтпелер Маңғыстау Өзен аралығының 2-шақырымында, Маңғыстау-Шетпе 314-шақырымында және екеуі Өзен станциясында орналасқан.

– Дистанцияның төрт күзетпелі өткелінде бейнебақылау, шлагбаумдар орнатылған. Күзетпелі өткелдерде де арнайы белгі беру құрылғылары

жұмыс істеп тұр. Темір жол өткелін ескертетін белгілер белгіленген қашықтықтарда қоюлы. Енді темір жолмен автомобиль жолы түйісетін кейбір жолдарға көпір салу жайы қарастырылуда. Бұл мәселе бұрын да көтеріліп жүрген, Алматы жол дистанциясына қарасты өтпелігі апат, Шамалғандағы жағдайдан кейін тағы да көтерілді. Былтыр Қазақстандағы күзетпелі теміржол өткелдерінде 18 жол-көлік оқиғасы болды. Оның барлығы да бағдаршамның жанып тұрғанына қарамастан автомобиль тізгіндеушілердің өтіп кетпек болып асығуына байланысты туындаған.

Өкінішке орай, мұндай жайт жақында Маңғыстауда да кездесті. Осы айдың тоғызында №6 бекетте «Р» бекеті мен Боржақты станциясы аралығындағы күзетпелі өткелде телловоз бен жеңіл көлік «Ниссан тиага» соғысты. Бұл жерде де автокөлік жүргізушісі теміржолдан өту тәртібін бұзған. Бүгінде аталған іспен ішкі істер ор-

гандары айналысуда. Дегенмен біз де қарап отырғанымыз жоқ. Автомобиль жүргізушілеріне арнайы түсінік жүргізіп, қажет профилактикалық шараларды қолданудамыз, – дейді Ірілендірілген Маңғыстау жол дистанциясының жетекші инженері Мұхтар Қосанбаев темір тұлпар тізгіндеушілерге темір жолдың көлік жолымен қиылысында жерлернен өткенде барлық ережені сақтауды тағы да ескерте отырып.

Жетекші инженердің сөзінше, бүгінде Шетпе станциясы мен №14 бекет аралығы 314 шақырымдағы күзетпелі өткелге көлік жүретін көпір салуға сметалық жобалар жүргізілуде. Онымен жергілікті әкімдіктер айналысуда екен. Сондай-ақ Маңғыстау – «Р» бекеті аралығындағы 2-шақырымдағы өткелге сондай көпір салу жайы қарастырылуда. Жол дистанциясы бұл тұрғыда өз ұсыныстарын аудандық, облыстық әкімдіктерге берген. Қазірде көпір мәселесіне қатысты қажетті шаралар қарастырылып жатқан көрінеді.

Сонымен Маңғыстау жол дистанциясының аумағына салынғалы жатқан теміржол үстімен көлік жүретін екі көпірден бөлек бүгінде халыққа қызмет көрсетіп тұрған автомобильдерге арналған екі көпір бар. Олар Қарақия ауданына барар жолда және Өзен станциясында. Сондай-ақ, жолаушылар жүретін де екі көпір бар. Оның бірі Шетпе станциясында, екіншісі Өзен станциясында. Қалай болғанда да бүгінгі таңда өткелдер мәселесі өткір тұр.

Суретті түсірген автор

СТАНЦИЯ ТЫНЫСЫ

ТАУЛЫ АЙМАҚТАҒЫ БЕКЕТ

Тау баурайында бұйығы ғана тіршілік кешіп отырған Малдыбай станциясында жүз шақты ғана түтін бар. Жалпы, оңтүстік өңірге көктем ерте келгенімен, тау шыңындағы қардың ызғарынан ба, Малдыбайда өлі күнге күн райы салқын, ызғарлы.



Асхат РАЙҚҰЛ,
Жамбыл

Ертелетіп жеткен бізді станция бастығы Сәбит Қарабаев қарсы алды. Елулерді еңсерген азаматтың бұл салада тәжірибесі жетерлік екен.

– Көріп тұрғандарыңыздай, шағын ғана ұжымбыз. Десе де, жұмыс ауқымы аз емес. Біздің станциямыз

дан он жұп жолаушылар пойызы өтеді. Ал жүк пойыздарының саны жиырма жұпты шамалайды. Екі станция кезекшісі бар, күні-түні ауысыммен жұмыс істейді. Белгі беру-байланыс, электрмен жабдықтау, жол шаруашылығы саласының мамандары станциялықтармен бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып дегендей, пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін

қамтамасыз етуге ортақ үлестерін қосуда, – дейді станция бастығы.

Малдыбай станциясы Қызылорда-Көкшетау, Алматы-Орал, Алматы-Маңғышлақ, Қызылорда-Астана, Петропавл-Сарыағаш сынды жолаушылар пойыздарына қызмет көрсетеді екен. Сондай-ақ, іргеге «Луговой жылқы зауыты» ЖШС-мен тығыз қарым-қатынас орнатқан. За-

уыт ұжымының жұмысы, әсіресе тамыз-желтоқсан айларының арасында қыза түседі екен.

– Сол кезде станция арқылы тәулігіне он вагонға дейін бидай, арпа дәндерін артамыз. Бір маусымда жан-жаққа он мың тоннаға дейін астық жөнелтіледі. Көбінесе іргемізіндегі Ленгір, Шымкент станцияларына жеткіземіз. Шег мемлекеттерден Өзбекстанның түкпір-түкпіріне арпа, бидай жібереміз. Соңғы жылдары жекелеген кәсіпкерлер де астық өнімдерін теміржолмен тасуды арттырып келеді, – деді Сәбит Қарабаев.

Станция бастығы аймақта жеке кәсіпкерлердің мұнай базасы бар екенін айтады. Міне, солармен келісімге келе отырып, теміржол байланысын орнатса, станцияның жұмыс ауқымы бұрынғыдан да кеңейіп, пайда да арта түсер еді деген пікір білдірді. «Қазір мұнай өнімдері өзге тасымал құралдарымен жүзеге асу үстінде. Сол аймақта Малдыбай станциясына дейін теміржол тартыlsa, оларға да тиімді болып, теміржолға да тасымал артып, біздің де жұмысымыз жыл он екі ай жалғасар еді, – деген станция бастығының ұсыныс-пікірінде жан бар екені анық.

Бүгінде көктемгі бақылау шараларына дайындық жүргізіп жатқан станциялықтар су тасқынынан келетін ешқандай қауіп жоқ екенін айтады.

Суретті түсірген автор

ИНТЕРВЬЮ

Канат АЛЬМАГАМБЕТОВ:

«У ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГИ
ЕСТЬ БЕССПОРНЫЕ ПРЕИМУЩЕСТВА»

О ҚТЖ как о транспортном холдинге, в том числе по обеспечению социально значимых грузов, о неповторимой романтике железных дорог и о многом другом рассказал железнодорожник с 40-летним стажем, первый заместитель председателя правления АО «НК «ҚТЖ» Канат Альмагамбетов.

– Канат Есмуханович, не секрет, что железной дороге приходится конкурировать, доставляя грузы и пассажиров, со всеми видами транспорта. В чем преимущество стальной магистрали?

– У железной дороги есть бесспорные преимущества, и одно из них – перевозка массовых грузов на большие расстояния. Например, стальная магистраль незаменима при перевозке угля и руды. В Европе наконец-то поняли, что железнодорожный транспорт экологичнее автомобильного. Электровозное движение – это стопроцентная экологическая чистота. Однозначно, лучше локомотив, который тащит целый состав, чем вереница грузовиков, которые выбрасывают CO₂. Кроме того, для Казахстана немаловажно, что поезда – всепогодные. Железная дорога работает стабильно, несмотря на бураны и закрытые дороги, когда застревают машины. Магистрали все ничем! Мы доставляем грузы и пассажиров и в дождь, и в слякоть, и в метель, и в самую жару. Сейчас на стальной магистрали идет цифровизация, отслеживание грузов, весь процесс переходит на безбумажную технологию. То есть мы даем более удобный сервис для наших клиентов.

Единственное, с чем тяжело конкурировать железной дороге из-за дешевизны – это морской транспорт. Но в части скорости, надежности и предсказуемости более конкурентны поезда. Так что у железной дороги большой потенциал, особенно в Казахстане с его расстояниями.

– Какое положение в транзитных перевозках между Европой и Азией занимают казахстанские грузовые компании в целом, и ҚТЖ в частности?

– Если оглянуться на 9-10 лет назад, то можно понять, насколько мы сейчас продвинулись. Тогда практически не было транзитных контейнерных перевозок. Они начали зарождаться только с 2011 года. Еще 7-8 лет назад мы мечтали возить какой-то 0,001% грузов с китайского морского пути. Сейчас, а с этим согласны и эксперты, мы уже забрали около 3%!

Находясь на стыке Европы и Азии, соседствуя с Китаем, Россией и странами Центральной Азии, мы вовремя поймали этот тренд, стали привлекательным звеном торговой цепочки. Достичь этого результата нам помогла политика, которую проводит Правительство страны. О нас узнали как о транзитной стране. Наша задача – давать новые сервисы и условия, чтобы транзит и дальше развивался. Желательно и в обратном направлении. Раньше все из Казахстана шло в грузе в виде, а возвращалось в порожнем. Потому что контейнеры оставались там и морем возвращались в Китай. Потом они начали возвращаться. Тогда наши экспедиторы и грузоотправители задумались: как использовать их? Почему они идут порожними? Так и начала выстраиваться цепочка по обратной загрузке в Китай. Мы в прошлом году перевезли транзитом почти 665 тысяч контейнеров.

Европа также начала вести политику по обратной загрузке. Сейчас грузными возвращаются уже

65-70% поездов. Из всего объема перевезенного груза только 6% составляет транзит, который при этом дал 28% дохода по всей группе компаний.

– В прошлом году компании пришлось противостоять немалым вызовам. Расскажите о них.

– В первую очередь, это, конечно, тяжелое финансовое положение, в котором оказалась компания по нескольким причинам. Общий долг АО «НК «ҚТЖ» составлял более 1,5 триллиона тенге. На его формирование свое влияние оказала большая инвестиционная программа, которую компания проводила в предыдущие годы. К примеру, строительство порядка 2,5 тысячи километров новых железных дорог. Кроме того, строительство заводов по производству электровозов, тепловозов и пассажирских вагонов. Наряду с этим, компания за счет собственных средств реализовала ряд социальных проектов, прямо не связанных с железной дорогой.

Во-вторых, большая часть долга АО «НК «ҚТЖ» представлена в иностранной валюте. Значительное ослабление казахстанской валюты в предыдущие годы в разы увеличило объем средств, которые ҚТЖ тратит на обслуживание долга. По сути это, наверное, самый главный фактор сложившейся финансовой ситуации. В-третьих, у нас исторически сложились низкий уровень тарифов. Долгие годы АО «НК «ҚТЖ» выступает инструментом для выполнения государственной задачи по поддержке других отраслей экономики.

Нехватку средств АО «НК «ҚТЖ» восполняло за счет заимствований. 2019 год компания завершила по неаудированной отчетности с убытком в размере 75 миллиардов тенге. Это на 12 миллиардов лучше итога 2018 года, но финансовый результат все равно отрицательный.

При этом формирование убытка не связано с производственными показателями. Так, операционная прибыль за 2019 год составила 173 миллиарда тенге, превысив факт 2018 года на 35% и план 2019 года на 15%.

ҚТЖ смогло выработать стратегию выхода из положения, определило, что для этого нужно сделать. Железнодорожные очень помогла помощь Правительства. Это вдохнуло в нас веру в то, что мероприятия, которые мы задумали, будут выполнены, а цели достигнуты. А значит, крайне необходимые средства для модернизации будут внедрены, а условия труда улучшены. В прошлом году все максимально сосредоточились на экономии. И очень радует, что коллектив поддержал. Здорово, когда люди понимают, что к общей цели надо идти вместе. Для нас очень важна социальная стабильность коллектива. Ведь когда люди видят, что не повышается заработная плата, нет прогресса в финансовом оздоровлении компании, то начинают сомневаться. И если будет предложение из другой компании, то специалист, не видя перспектив здесь, может уйти. 2019 год показал, что мы на правильном пути.

С 1 января этого года заработная плата работникам линейных подразделений группы компаний

ҚТЖ повышена на 5%. Да, может это и не много, но финансовое состояние компании пока позволяет повышать зарплату только на этом уровне. Кроме того, она обеспечивает производственный персонал всеми видами социальной помощи, установленной Коллективным договором.

– В своем интервью «ҚТЖ: проблем много, но мы справимся» председатель правления АО «НК «ҚТЖ» Сауат Мынбаев говорил о необходимости поэтапной и последовательной смены системы тарифообразования. Расскажите об этом подробнее.

– Вопрос по тарифообразованию очень сложный и болезненный. У нас среди всех постсоветских государств самый низкий унифицированный тариф. Это значит, что все тарифы (экспорт, импорт и внутриреспубликанский) рассчитываются по одной сетке одинаково. Необходимо изменить системы тарифообразования, чтобы показать затратную часть.

Как вы знаете, убыточные пассажирские перевозки субсидируются государством и перекрестно грузовыми перевозками. В прошлом году ҚТЖ инициировало поэтапные системные изменения в законодательство по вопросам железнодорожного транспорта. Цель новшества – выстраивание прозрачной системы субсидирования пассажирских перевозок.

